Тәрбие - білім беру үдерісінің циклограммасы
«№ 2 бөбекжайы»МКҚК
Аралас тобы «Аққжелкен»
Балалардың жасы: 4-пен 5 жас
2024 - 2025 оқу жылының жоспары
Қыркүйек (1-апта) 02.09 – 06.09.2024ж
Тәрбиешілер: Сапарова А.А
Увайсова А.М
Қыркүйек –Еңбек пен кәсібиліктің құндылығы
Аптаның дәйексөзі: «Білім –қымбат қазына, қанағат тұтпа азына!»

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Уақыты** | **Дүйсенбі.<br>02.09.2024** | **Сейсенбі<br>03.09.2024** | **Сәрсенбі<br>04.09.2024** | **Бейсенбі<br>05.09.2024** | **Жұма<br>06.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | 08.00 – 09.00 | Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.<br>Ата – аналармен бүгінгі ауа райына байланысты киіндірунізді және балабақшаға кешіктірмей келуінізді айтту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **«Күз көрінісі»**<br>**Тапсырма:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға үйрету<br>**(Біртұтас тәрбие)** | Кітап бұрышындағы кітаптардың суреттерін қарау<br>**Тапсырма:** Кітаптарға қызығушылық танытады, шығармашылықпен әңгімелеп берулерін жетілдіру.<br>(Қарым-қатынас ісәрекеті) | **Өткізілген демалыс күндері туралы әңгіме**<br>**Тапсырма:** балалардың белсенді сөйлеу қарым-қатынасына, сөйлеу барысында эмоцияларын білдіруге, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамытуға талпыныстарын ынталандыру.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **Үй жануарлары**<br>**Тапсырма:** үй жануарлары туралы білімді бекіту, тақырып бойынша белсенді сөздікті арттыруға ықпал ету; оларға қамқорлық жасауға деген ынтаны тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру -танымдық іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойындары «Домино. Жәндіктер»**<br>**Тапсырма:** Балалардың жәндіктердің пайда болуы туралы білімдерін бекіту, оларды дұрыс атау және жұптасқан суреттерді таңдау, ойын ережелерін орындауға дағдыландыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру – ойын, танымдық, іс-әрекеті).**<br>**Жапсыру шығармашылық,** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **еңбек**<br>**қарым-қатынас**<br>**іс-әрекеті.** **жән** |
| **Таңертенгі жаттығу** | 8.30-8.40 | Дүйсенбі күні<br>Әнұран орындау<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **№1 кешен**<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Таңғы ас** | 09.00 – 09.15 | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | 09.15 – 09.30 | **Дидактикалық ойын:«Шарды үрле»**<br>**Тапсырма:**Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: шарлар.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.<br>**(Қатынас -сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Саусақ жаттығуы**<br>Қане, қайсы алақан,<br>Біз-кішкентай. (балапан)<br>Аралардың нәрі,<br>Бау-бақшаның сәні. (гүл)<br>Тік, тік, тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>(шырша) | **Д\ойын: «Ғажайып қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.<br>**(Біртұтас тәрбие).**<br><br>**Саусақ жаттығуы: «Қуырмаш»**<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ, | **Д\о: «Артығын тап»**<br>Шарты: Тақтаға бірне ше жануар суреті және де тағы да басқа бір артық сурет қойыла ды.Балалар көп сурет тің ішінен бір артық суретті тауып алып тастап,сол суретте бейнеленген затты атауы керек<br>**(Қатынас - көркем әдебиет)**<br><br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек, | **Дидактикалық ойын:**«Шарлармен алмасу»<br>Тапсырма:Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: шарлар.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.<br>**(Шығармашылық - сурет салу)**<br><br>**Саусақ жаттығуы: «Секіргіштер»**<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Біздің қыздар секірді, | Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу.<br>«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесі.<br>Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу<br>және т. б. **(Қатынас - сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Саусақ ойыны «Ойыншықтар»**<br>Үлкен диванда қатарда<br>(Кезекпен шапалақтап, жұдырығымен ұрады.)<br>Машина қуыршақтары отырады: |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Менің тұрақты мекенім,<br>Сәнді етіп жүремін. (үй)<br>**(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас іс-әрекеті - танымдық іс-әрекет)** | Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр– қойыңа бар!<br>Сен тұр– жылқыңа бар!<br>Сен тұр– ешкіңе бар!<br>Сен тұр– сиырыңа бар!<br>Сен тұр– түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық!**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика - таным)** | Оң аяқпен секірді,<br>Сол аяқпен секірді,<br>Алға қарай секірді,<br>Артқа қарай секірді,<br>Айналдыра секірді,<br>Айналдыра секіргішті<br>Биікке де секірді.<br>Екі саусақпен кезек-кезек алға-артқа, солға-оңға секіріп, үстел үстінде орындалатын жаттығу.<br>**(сөйлеуді дамыту - математика негіздері - таным)**<br>«Жүсіпбек Аймауытов көрнекті жазушы,драматургпублицист» аудандық іс-шараның ашылу салтанаты. | Екі аю,<br>Сайқымазақ(барлық саусақтарды кезекпен бүгу.)<br>Және көңілді Чиполлино,<br>Мысық та, піл де.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>(саусақтарды кезекпен ашу.)<br>Біз Машаға көмектесеміз (кезек-кезек қол шапалақтап, жұдырықпен ұрамыз.)<br>Біз ойыншықтарды санаймыз.<br>(Сөйлеу қарқыны мен ырғағы бойынша жұмыс.)<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері - таным)** |
| **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**<br>**Ересек топ** | 09.30 - 10.25 | **1.Музыка**<br>Муз - ритмалық.қозғалыс. О. Байділдаевтың" Маршы".<br>Тыңдау:" музыка дыбыстары " з. я. Роот<br>Әнайту: Е.Ю. Матвиенконың" жолбойындағыжапырақтар".<br>Ойын:" тышқандардөңгелекбидібасқарады"<br>халық, музалар. | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Тепе-теңдік сақта»<br>Негізгі жаттығулар:<br>Гимнастикалық орындық үстімен баланың екі адымы ара қашықтығында орналасқан текшелерді аттап жүру.<br>Гимнастикалық орындық үстімен жүруде тепе-теңдік сақтау, дұрыс дене бітімін қалыптастыру.<br>**Тапсырма:** балалардың | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** «Қазақ тілі-өз тілім»<br>**Тапсырма:**Балалардың білім дағдысын қалыптастыру, сөздік қорларын молайту, еске сақтау қабілеттерін дамыту, ұжыммен еңбек етуге баулу, балаларды салауатты өмірге ынталандыру, қазақ тіліне деген құрметке тәрбиелеу, | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>« Орныңа тұр»<br>Негізгі жаттығулар:<br>Саптізбекте бір-бірден тұру жаттығулары.<br>Тепе-теңдік сақтау және секіру жаттығулары.<br>**Тапсырма:**<br>Саптізбекте өзінің орнын таба білуге үйрету. Қос аяғымен бірдей еденнен | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Алысқа секір»<br>Негізгі жаттығулар:<br>Орнында тұрып, биіктікке секіру.<br>Допты лақтырып, қағып алу жаттығулары.<br>**Тапсырма:** Доптарды асыра лақтыру,секіру, биіктікке секіру жаттығуларын үйрету.<br>Доптарды жоғары тура бағытта лақтырып қағып |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | И. Бодраченко<br><br>Білім күні<br>Мерекесі | тепе-теңдікті сақтап жүру қимылын қалыптастыру.Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келе жатып кедергілерді атап өтуге үйрету. Гимнастикалық орындық үстімен жүруде тепе-теңдік сақтау, дұрыс дене бітімін қалыптастыру Тепе-тендік сақтауды үйрету Құралдары: гимнастикалық орындықтар. | балалардың білімдерін жетілдіру. Елімізге, жерімізге, Отанымызға деген құрметке жетелеу.<br>Әдіс-тәсілдері: Суретпен жұмыс, сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын, валеологиялық сергітулер, өлең-тақпақтар.<br>Көрнекілігі: Теледидар, суреттер, музыка, альбом, кітап, үнтаспа.<br><br>**2.Музыка**<br>Музыкалық ритмалық.қозғалыс. О. Байділдаевтың" Маршы".<br>Тыңдау:" музыка дыбыстары " з. я. Роот<br>Ән айту: Е.Ю. Матвиенконың" жол бойындағы жапырақтар".<br>Ойын:" тышқандар дөңгелек биді басқарады", сл. халық, музалар.<br>И. Бодраченко. | екпінмен итеріліп секіруін жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтап жүре білуге үйрету.<br>Құралдары: құмсалынғанқапшықтар | алу қимылдарына жаттықтыру.<br>Қ ұралдары: доптар |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер Мектепалды топ** | | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**« Дыбыс»<br>**Тапсырма:** Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттарды ортақ қасиеттеріне қарай топтарға біріктіру. **Тапсырма:**Адам | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**Дыбыс<br>**Тапсырма:**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «Әжесін қайсысы жақсы көреді» (әңгіме) | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Сүйікті балабақшасы<br>**Тапсырма**:Сүйікті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Е.Өтетілеуовтің «Бес саусақ» өлеңі арқылы саусақ жаттығуын жасата отырып, отбасы мүшелерін атауымен таныстыру.Жазу кезінде дұрыс отыруға, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка**<br>Музыкалық ритмалық.қозғалыс.: "Біз жүгіреміз, секіреміз" с. Соснина<br>Тыңдау:" музыка дыбыстары " з. я. Роот.<br>Ән айту: т. Кулинованың "ән туралы ән".<br>Ойын:" Тұзақ " Й. Гайдна.<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Балабақшадағы алғашқы күн»<br>**Тапсырма:**Өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, | өміріне қажетті тұрмыстық заттар туралы білімдерін жетілдіру.Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Заттарды ортақ қасиеттеріне қарай топтай білуге үйрету.Балаларды заттар тобының жиынның ортақ белгілерін тауып, заттарды белгілі бір қасиетіне қарай үлкен, кіші деген топтарға біріктіре алуға үйрету. Заттарды топтастыра білу дағдыларын арттыру.Тұрмыстық заттарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Тұрмыстық заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br><br>**2.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** «Буын,Сөз»<br>**Тапсырма:** «Буын» және «Сөз» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, суретті сөздің сызбасымен біріктіре білуге үйрету, әр сөзде қанша буын бар екенін анықтай білудің бастапқы дағдыларын | қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>Сөздер:балалар, балабақша, есік, терезе, тұз, ірімшік, аң, сүт.<br>«Әдепті елдің баласы, Алдымен сәлем береді»<br>Сәлем саған Жер Ана!<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br>Аман –есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br><br>**2.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**«Буын» «Екпін»<br>**Тапсырма:**Сөзді буынға бөлу,сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау, буындағы дауысты дыбысқа екпін түсіре білуге жаттықтыру.<br><br>**3.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.: "Біз жүгіреміз, секіреміз" с. Соснина<br>Тыңдау:" музыка дыбыстары " з. я. Роот. | **Тапсырма:**<br>Отбасының туыстық қарымқатынасы, қонақжайлылыққа үйрету,әдептілік ережелеріне баулу.Жанұя мүшелерін сылауға тәрбиелеу.Тілдің дыбысталу мәдинетін тәрбиелеу.Ауызша сөлеу тілінде грамматикалық категорияларды, байланыстырып, әңгіме құрастыруға,<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**3 саны және цифры.4 саны және цифры.<br>**Тапсырма:**Балалардан "Үшторай" ертегісінсұрайжәнесуреттенкөрсетуарқылысанатаотырып, 3 санынқайталап, пысықтау, меңгерту.Торайлардың үйлеріннеденжасағанынсұрап, білімдерінжетілдіру. Балалардыңназарынүйдіңқабырғаларынааударып, нешеқабырға бар | балабақшасы туралы түсінік беру.<br>Сөздің дыбысталу мәдениеті.Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө,ң,қ,ү,ұ,)дұрысайтуға машықтандыру. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Сөздер: асхана, жарық, қабатты, кең, есік, терезе, кілем, төсек.<br><br>**2.Дене шынынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді доп»<br>**Тапсырма:** Заттарды аттап, заттарың арасымен; қолды түрлі қалыпқа ұстау; нұсқаушының белгісімен тоқтатуды үйрету.Қимылды ойындарға қызығушылықтарын арттырып балалармен бірлесе ойн<br><br>**3.Көркем әдебиет** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | үлкендер ге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>«Менің жанұям» Е.Өтетілеуовтың өлеңін мнемокесте әдісі арқылы жаттату.<br><br>**4.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тапсырма:**Өзі жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.Үйдегі қауіпсіздік ережелері негіздерімен таныстыру.Үлкендерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.Отбасы мүшелеріне құрметпен карауға тәрбиелеу. | қалыптастыру.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Менің отбасым»<br>**Тапсырма:**Бүгілген тізені жоғары көтеріп,жартылай отыруды үйрету.Музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Нег.қимыл: Гимнастикалық орындық үстімен қолды белге ұстап ұжры. Допты қос қолмен ұстап кеуде тұсына қойып жүру.<br><br>**4.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Отбасы» өлеңі<br>**Тапсырма:**Өлең мәтінің түсіндіріп, жатқа айта білуді үйрету.Отбасы мүшелерін құрметтеуге тәрбиелеу..Жұмыс дәптерлері бойынша өлеңде айтылған отбасы мүшелерін қоршап сызып, сипаттау. | Ән айту: т. Кулинованың "ән туралы ән".<br>Ойын:" Тұзақ " Й. Гайдна.<br><br>**4.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: Жиын. Бір-көп. Заттарды ортақ қасиетіне қарай топтарға біріктіру.<br>**Тапсырма:** Балаларды заттар тобының жиынның ортақ белгілерін тауып, заттарды белгілі бір қасиетіне қарай үлкен, кіші деген топтарғабіріктіре алуға үйрету, бір жеке затты тауып көрсету, бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру Берілген тапсырмалармен жұмыс істеу қабілетін арттыру, балалардың талқылау қабілетін дамыту.Балаларды зейінді болуға тәрбиелеу. | екенінсұрай отырып,4 саны жәнецифрыментаныстыру, цифр мен заттыңсанын сәйкестендіруді үйрету, заттарды санауға машықтандыру, 4 цифрын тануды және дұрыс суреттеуді үйрету.<br><br>**3.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Өзі жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.Үйдегі қауіпсіздік ережелері негіздерімен таныстыру.Үлкендерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.Отбасы мүшелеріне құрметпен карауға тәрбиелеу.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:« Менің отбасым»<br>**Тапсырма**: Музыка ырғағына сәкес қимыл жасауға үйрету жәнежеңіл жүгіруге үйрету. Нег.қимыл: 1. Желке тұсына допты | **Тақырыбы:** «Әкесі мен балалары» (оқу)<br>**Тапсырма:** Отбасы туралы,өзі отбасында тұлға екені және отбасын мүшелерінің өз орыны ерекше екені туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу.Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландру. Татулыққа достыққа тәрбиелеу.<br><br>**4.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**:Балал ар жаттығу жасайды<br>**Тапсырма:**Балаларға балабақша туралы мәлімет бере отырып, Білім күніне тоқталу.Оның бала өмірінде қандай маңыздылығы бар екенің түсіндіру.Балалар ға ермексаз арқылы балалардың жаттығу жсап жатқандарын мүсіндей білуге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қойып жүру. 2. Допты қос қолмен ұстап кеуде тұсына қойып жүру. | үйрету.Қауіпсізді к ережелерін сақтауға дағдыландыру. |
| **Екінші ас** | 10.30-10.40 | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)<br>Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды,<br>коммуникативтіәрекет). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | 10.40-10.50 | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту.** | | | | |
| **Серуен** | 10. 50 – 11.50 | 1.№ 1Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау<br>2.№ 2.Күздің алғашқы белгілерін бақылау<br>3.№ 3. Қайың ағашын бақылау<br>4.№ 4. Өрмекшіні бақылау<br>5.№ 5.Күн — жылу мен жарық көзі<br><br>**«Тақия тастамақ»**<br>Тапсырма: Қазақтың ұлттық бас киімнің бірі тақиямен таныстыру, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**«Біртұтас тәрбие»** | | 1. Мақсаты:<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>2. Мақсаты:<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>3. Мақсаты: - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>4. Мақсаты:— өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>5. Мақсаты:<br>күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. | | |
| **Серуеннен оралу** | 11.50 – 12.20 | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | 12.30 – 12.50 | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>**(сөйлеуді дамыту).** Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td colspan="5">Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Күндізгі ұйқы</td><td rowspan="2">12.50 - 15.10</td><td colspan="5">Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін  оқып беру (көркем әрекет)</td></tr>
<tr><td>Ертегі оқу.<br>«Жеті лақ» ертегісі.<br>(көркем әдебиет)</td><td>Табиғат дыбыстарын тыңдау (баяу, ақырын). (музыка)</td><td>Жағымды музыка тыңдау (баяу, ақырын). (музыка)</td><td>Тыныс алу жаттығуларын жасау (дене шынықтыру)</td><td>Аудио ертегі тыңдау.<br>«Үйшік» ертегісі.<br>(көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары</td><td>15.10–15.40</td><td colspan="5">Кешен №1 «Кемпір қосақ сал»<br>Бір қалыпта, арқасымен жату, аяқтарын бірге, қолдары аяғының бойымен тік тұрады. Жауырынды тік ұстап созылу.<br>Оң аяқты көтеріп ауада жарты шеңбер жасау.<br>(2-3 рет)<br>Қандай ғажап керемет,<br>Әсем есік ашылды.<br>Түрлі –түсті  бояулар,<br>Аспанда жайылып шашылды.<br>Денсаулық жолымен жүру<br>Орындықта отырып арнайы доптарды аяқтарымен оңға-солға домалату (3-4 рет)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық  дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесінас</td><td>16.00 – 16.20</td><td colspan="5">Кезекшілердіңжұмысы( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>16.30 – 17.30</td><td>Дидактикалық ойын: «Кірпінің саңырау құлақтарын тап»<br>Тапсырма:Негізгі түстерді ажырата,атай білуге үйрету.<br>Шапшаңдылыққа ептілікке,ұқыптылыққа</td><td>Мысық (шағын жұмбақтар жаттау)<br>Жұмбақтар шешуге үйрету.Шағын жұмбақтарды естерінде сақтап,айтуға жаттықтыру.<br>(Қатынас - сөйлеуді дамыту - көркем әдебиет)</td><td>Тақырыбы:<br>Күзгі қонақ үйлер<br>Негізгі және қосымша түстер туралы түсініктерді бекіту,шешім қабылдау кезінде эмоционалды көтеріңкі көңіл-күй</td><td>Бір және көп<br>Кез келген затты санауға және есеп нәтижесін цифрмен белгілеуге болатыны туралы түсінік беру.Логикалық ойлауды,жадты</td><td>Қайық<br>Балаларды бөлшектерін бекітуге ермексазды пайдалана отырып.бұйымдар құрастыруға үйретуді жалғакстыру.<br>(Таным - құрастыру)</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу.<br>**(Әлеумент - қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Үстел үсті ойыны:**<br>«Қайсысы ұнайды?»<br>**Тапсырма:** Суреттен Көрген заттарының Атын атап,суреттеп, қайсысының ұнайтынын не үшін ұнағанын айтқызу.<br>Сөздік қорын молайту.<br>**(Қатынас - көркем әдебиет)** | **«Заттарды салмағы бойынша салыстыру»**<br>Мақсаты: Салмақ туралы түсінік беру.Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Пішіндерді айыра білуге үйрету.<br>**(Таным - математика негіздері)** | қалыптастыру, жұмбақтарды бейнелейді<br>**(варативтік компонент)** | дамыту.<br>**(Таным - математика негіздері)** | Ойындар ойнату.<br><br>**«Тұрмыстық техника,оның қажеттілігі»**<br>Мақсаты: Тұрмыстық техника жайында мағлұмат беру.Адамгершілікке, елін сүюге тәрбиелеу.<br>**(Біртұтас тәрбие)** |
| **Жеке қауіпсіздік**<br>**Ересек топ** | 16.20<br>16.45 | **№1 «Тақырып жедел телефон номерлері»**<br>**Тапсырма:** мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету. | | | | |
| **Жеке қауіпсіздік**<br>**Мектепалды топ** | | **№1 «Тақырып жедел телефон номерлері»**<br>**Тапсырма:** мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**Ересек топ** | 16.45<br>17.00 | **Тереньтева Айым**<br>Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен спорттық жаттығуларды жасай алу техникасын үйрету;<br>**физикалық қасиеттері** | **Айтмұхамедова Альмира**<br>Сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтуды дағдыландыру:<br>**Коммуникативтік дағдылары** | **Букербаева Амелия**<br>Мемлекеттік Әнұранды біледі және оны кеудесінің сол жағына қолын қойып айтады<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Манарбек Аль-Тайыр**<br>Оқиғаларды әңгімелеуді, таныс шығармаларды сахналауды үйрету.<br>**Коммуникативтік дағдылары** | **Калибекова Айсулу**<br>Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен спорттық жаттығуларды жасай алу техникасын үйрету;<br>**Физикалық қасиеттері** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**Мектепалды топ** | | **Али Тамирис**<br>негізгі қимылдарды орындай білуді қалыптастыру<br>**физикалық қасиеттері** | **Манарбек Әліби**<br>сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстай біледі;<br>**Шығармашылық** | **Али Тамирис**<br>геометриялық пішіндерді біледі<br>**(таным дағдыларын)** | **Серикова Медина**<br>бір-бірден, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табады;<br>**физикалық** | **Бақтыбаев Тамирлан**<br>геометриялық пішіндерді біледі<br>**Танымдық дағдылары** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **дағдылары** | | **қасиеттері** | |
| **Серуенге дайындық** | | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | 17.30 – 18.15 | Қимылды ойын: «Қарғымақ»<br>Мақсаты: балалар екі жақтан екі арқанды ұстап тұрады. Ортасынан балалар біреулеп қарғып секіреді.<br>Біртұтас тәрбие | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | 18.15-18.30 | Ата – аналармен "қуанышты кездесулер таңы | Әңгімесі-баланың балабақшаға барғысы келетіні және келмейтіні туралы. | Ата-аналармен әңгіме "менің баламның таңы неден басталады?"- балабақшаға келгенге дейінгі баланың эмоциясы, көңіл-күйі туралы | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме.<br>Проблемалық жағдайларды шешу.<br>"Балалар шкафында не болуы керек және болмауы керек"кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу "біз бір апта ішінде не білдік. |
| **Әдістемелік жұмыс** | | | | | | |

Әдіскер: ________ Темирова Н.П.

Тәрбие - білім беру үдерісінің циклограммасы
«№ 2 бөбекжайы»МКҚК
Аралас тобы «Ақжелкен»
Балалардың жасы: 4-пен 5 жас
2024 - 2025 оқу жылының жоспары
Қыркүйек (2-апта) 09.09 – 13.09.2024ж
Тәрбиешілер: Сапарова А.А
Увайсова А.М
Қыркүйек –Еңбек пен кәсібиліктің құндылығы
Аптаның дәйексөзі: «Жанұям -қорғаным, ата-анам -тірегім!»

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Уақыты** | **Дүйсенбі 09.09.2024** | **Сейсенбі 10.09.2024** | **Сәрсенбі 11.09.2024** | **Бейсенбі 12.09.2024** | **Жұма 13.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | 08.00 – 09.00 | Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты–жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.<br>Ата –аналар балаларды балабақшаға кешіктірмей келуін сұрау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **Дидактикалықойын:** «Шарды үрле»<br>**Тапсырма:** Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: шарлар.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.<br>**(комуникативтік дағдылар - көркем әдебиет)** | **Дидактикалықойын:** «Сөйлемді аяқта»<br>**Тапсырма:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>Ойын барысы:Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойыншаәңгімеқұрапсөйлемді аяқтайды.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **Дидактикалық ойын:** «Дұрыс қой» ойыны.<br>**Тапсырма:** балалардың ойлау қабілетін ой-қиялын дамыту<br>Көрнекілігі:ойынға қатысты суреттер<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдылар - математика негіздері)** | **Дидактикалық ойын:**«Кім зейінді»<br>**Тапсырма:** Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.<br>Көрнекілік: Сіріңке қорабында таратпа геометриялық пішіндер.<br>Барысы: Тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды. Жылдам болған бала мадақталады.<br>**(Танымдық және** | **Дидактикалық ойын:** «Заттар өзі жайлы не дейді?»<br>**Тапсырма:**Балаларды заттарды танып, атай білу іскерлігін жетілдіру, сөздік қорын дамыту<br>Ойын шарты: Тәрбиеші балалармен бірге әртүрлі материалдан жасалған заттар түрлерін немесе заттық суреттерді көріп тамашалайды. Сосын барлық заттарды жинапалып, бір ғажайып қапшыққа салып қояды. Балалар әрқайсысы қапшықтан заттарды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **зияткерлік дағдылар-математика негіздері)**<br><br>Музыкалық ойын сауық<br>«Қош бол жаз» | біртіндеп алып, оның қажеттігі жайлы атын айта отырып, толық сипаттама береді.<br>**(Әлеуметтік дағдылар - қоршаған орта)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | 8.30-8.40 | Дүйсенбі күні Әнұранорындау<br>**Біртұтастәрбие** | **№3-кешен**<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Таңғы ас** | 09.00 – 09.15 | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | 09.15 – 09.30 | **Дидактикалық ойын**<br>«Бағдаршам не дейді?»<br>**Тапсырма:**балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру ,<br>жолда<br>жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.<br>Іс жүзінде жол ережесін сақ тауғаүйрету.<br>Бағдаршамныңатқаратын қ ызметімен таныстыру.<br>**(Коммуникация - сөйлеудідамыту)** | **Дидактикалық ойын:**<br>«Менің мекенім, менің отбасым»<br>**Тапсырма:**Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **Дидактикалық ойын:**<br>«Қарама – қарсы сөздер».<br>**Тапсырма:**антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.<br>Көрнекілігі: доп, карточкалар.<br>Ойын шарты: тәрбиеші шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге Кері лақтырып, | Сюжетті- желілі ойын:<br>«Ойыншықтарды үйге орналастырамыз»<br>**Тапсырма:**Балаларды заттарды сипаттауға үйрету, олардың басты қасиеттерін табу; сипаттама бойынша заттарды тану<br>Ойын ережесі.Егер сатып алушы ойыншық жайлы жақсы сипаттаса ғана сатушы оған оны сатады.<br>Ойын әрекеттері.Санамақпен сатушыны таңдайды.<br>Сатыпалынғанойыншы қтарменойнау. | **Ойын:**Ұшадыұшпайды<br>**Тапсырма:**Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу.<br>Ойын ережесі. Қай ағаштың жапырағы екенін атаған соң, тәрбиешінің: «Дәл осындай жапырақ, ұшсын маған жақындап» деген сөзінен кейін ғана жүгіру керек.<br>**(Коммуникация - Сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айтуы керек.<br>**(Қатынас - көркем әдебиет)** | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер Ересек топ** | 09.30 - 10.25 | **1.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.: П. и. Чайковскийдің" гүлдер вальсі"<br>Тыңдау:" Жаңбыр " Т. Ломова.<br>Өн айту:" күз келді " и. Бодраченко<br>Ойын: А.Филиппенконың "серуендеу және жаңбыр". | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тапсырма:** Балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; - дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық, тепе-теңдікті сақтау, икемділік; - түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; - жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру. | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:Сөз**<br>**Тапсырма:** қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету, сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту<br><br>**2.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс. О. Байділдаевтың" Маршы".<br>Тыңдау:" музыка дыбыстары " з. я. Роот<br>Өн айту: А. Филиппенконың" егін жина".<br>Ойын:" тышқандар дөңгелек биді басқарады", сл. халық, музалар. И. Бодраченко. | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тапсырма:** дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, - түрлі ұлттық қимылды ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу.<br>жүгіру. Қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп; ұсақ және алшақ адыммен, сапта бір-бірден және жұппен, түрлі бағытта, бытырап жүгіру. Жетекшінің ауысуымен, қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру. Жай қарқында үздіксіз жүгіру. | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тапсырма:** Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындардафизикалыққасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер Мектепалды топ** | | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** «Дыбыс және әріп»<br>**Тапсырма:** Сөздердің дыбысталу формаларын ажырата білуге үйрету,дыбыс және әріп өзара айырмашылығы туралы түсінікті қалыптастыру,дыбыста рды және олардың әріппен белгіленуімен салыстыра білуге<br><br>**2. Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.: Л. Бетховеннің "Ландлер".<br>Тыңдау: х.Сетековтың "аюлар биі".<br>Ән айту: М. Андреевтің "аюлар жүрді".<br>Т. Кулинованың "ән туралы ән".<br>Ойын:" Оркестр", укр. нар. бор. т.Ломова.<br><br>**3. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Сөйлеу<br>**Тапсырма:**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Жиын<br>**Тапсырма:**әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру; салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Көкөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер".<br><br>**2.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** «дыбысы және әрпі»<br>**Тапсырма:**А дыбысы және әрпімен аныстыру.Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз, жуан, жіңішкеажыратып дұрыс дыбыстау.Суретті кітаптардан ақпаратты табу.Сөз, сөйлем сызбасын құру.Жазу жолын жол арқылы кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі бөлігін сақтап әріп элементтерін жазу.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тапсырма:** Балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**Сөз<br>**Тапсырма:** қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету, сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br><br>**2.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы**:«дыбысы мен әрпі<br>**Тапсырма:** дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз ,жуан,жіңішке) ажыратып дұрыс дыбыс тау.Суретті кітаптардан ақпаратты табу.Сөз,сөйлем сызбасын құру.<br><br>**3.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.: Л. Бетховеннің "Ландлер".<br>Тыңдау: х.Сетековтың "аюлар биі". | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Сөйлем<br>**Тапсырма:** Келесі дағдыларды жетілдіру: байланыстырып сөйлеу; жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану; әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру;<br>Дидактикалық ойын: "Сиқырлы" бауырсақтар". Ыдыстар".<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 5 көлемінде санау<br>**Тапсырма:** заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**Сөйлеу сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрін жасау білігін қалыптастыру. Байланыстыра сөйлеу. Шағын шығармаларды, өлеңдерді тыңдауды, түсінуді және мазмұндауды үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Күз мезгілі. Алтын күз".<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тапсырма:** Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Ертегі<br>**Тапсырма:**Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану.<br>Дидактикалық ойын: "Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар".<br><br>**4. Қоршаған ортаны тану**<br>**Тақырыбы:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: өлі табиғат нысандары - су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту; табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін қалыптастыру. | нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; - дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық, тепе-теңдікті сақтау, икемділік; - түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; - жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру.<br>**4.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әңгіме<br>**Тапсырма:**Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін | Ән айту: М. Андреевтің "аюлар жүрді".<br>Т. Кулинованың "ән туралы ән".<br>Муз - жоқ дид.ойын: "сөйлейтін кілем "("музды қараңыз.- Дидактикалық ойындар"т. Кулинова, с. Носкова<br>Ойын:" Оркестр", укр. нар. бор. т.Ломова.<br><br>**4.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Заттар<br>**Тапсырма:**заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру; салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>Қ\о: «Ұзын-қысқа»<br>Ойын шарты: балалар ұзын немес қысқа деген сөзді естігенде соған сәйкес суреттердің жанына барып тұра қалады. | Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету.<br><br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Тақырыбы:** Күз<br>**Тапсырма:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: күзгі, қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту; адамдардың күзгі, қысқы әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тапсырма:** дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, - түрлі ұлттық қимылды ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу.<br>жүгіру. Қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп; ұсақ және алшақ адыммен, | үйрету,мазмұндау. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.<br><br>**4.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Қағаздан құрастыру.<br>**Тапсырма:**Қағаздан құрастыруды үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру | | сапта бір-бірден және жұппен, түрлі бағытта, бытырап жүгіру. Жетекшінің ауысуымен, қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру. | |
| **Екінші ас** | 10.30-<br>10.40 | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)).<br>Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды,<br>Коммуникативті әрекет). | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | 10.40-<br>10.50 | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | | |
| **Серуен** | 10.50<br>11.50 | 1.№ 6 Аула тазалаушы еңбегін бақылау<br>2.№ 7 Саңырау құлақтарды бақылау<br>3.№ 8 Арнайы көліктерді бақылау<br>4.№ 9 Гүл егілген клумбаны бақылау<br>5.№ 10 Ағаштарды бақылау<br><br>**Қимылды ойын: «Ханталапай»**<br>**Тапсырма:** Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.<br>- Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**«Біртұтас тәрбие»** | 1.Мақсаты:<br>күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту,<br>аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу<br>2.Мақсаты: саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту<br>3. Мақсаты:<br>Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>Сөздік қорларын молайту.<br>4. Мақсаты:<br>өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;<br>кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу;<br>Күздегүлашатынгүлдермен (астра, настурция)таныстыру<br>5. Мақсаты:<br>күзмезгілітуралыжалпыбілімдерінқалыптастыру;<br>қайың мен терекағашындіңдері мен жапырақтарынақарапайырабілугеүйрету;<br>ағашбөліктерітуралыбілімдерінтиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);<br>туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | 11.50 –<br>12.20 | Топқа оралу кезінде жылдамқатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар жәнет.б. жаттау**(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | | |
| **Түскі ас** | 12.30 – | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 12.50 | көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдірсу, мөлдір суға қолыңды жу»**(сөйлеуді дамыту).**Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану ,сөйлеспеу, алғысайту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | 12.50 -<br>15.10 | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайыс өреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайыбаяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| | | Табиғат дыбыстарын тыңдау (баяу, ақырын). (музыка) | Жағымды музыка тыңдау (баяу, ақырын). (музыка) | Ертегіоқу.<br>«Алдар көсе» ертегісі.<br>(көркемәдебиет) | Аудио ертегі тыңдау.<br>«Аю мен қоян» ертегісі.<br>(көркемәдебиет) | Тынысалужаттығуларынжасау (денешынықтыру) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>Сауықтыру шаралары** | 15.10–<br>15.40 | Кешен№1«Кемпір қосақ сал»<br>Көзімізді ашамыз-жұмамыз<br>Оңға-солға қараймыз<br>Мұрынымыздың ұшына қараймыз<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызметету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | 16.00 –<br>16.20 | Кезекшілердің жұмысы( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | 16.30 –<br>17.30 | **Дидактикалық ойын:<br>«Кірпінің саңырау құлақтарын тап»<br>Тапсырма:**Негізгі түстерді ажырата,атай білуге үйрету. Шапшаңдылыққа ептілікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(Әлеумент - қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Үстел үсті ойыны:**<br>«Қайсысы ұнайды?»<br>**Тапсырма:** Суреттен | **Дидактикалықойын:**<br>«Сүйікті қалаға саяхат»<br>**Тапсырма:**Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту;үлкендер еңбегі,автокөліктер.<br>Ойынның барысы:Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп,карточкаларды таратады.Содан соң қаланың көрікті жерлері,үлкендер еңбегі,автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді.Балалар қолдарындағы | **Тақырыбы:<br>Сиқырлы<br>«Жапырақтар»<br>Тапсырма:**Жапырақтарды сызу арқылы сурет салуға үйрету, эстетикалық көқарасты қалыптастыру, бақылау дағдыларын дамыту.<br>**(Варативтік компонент)** | **Дидактикалық ойын:**<br>«Көкөністер жинайық»<br>**Тапсырма:** Қоршаған ортадағы нысандар мен құбылыстарға танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру, балаларға көкөністер туралы білімдерін толықтыру, көкөністерді атай білуге үйрету.<br>Құрал – | **Дидактикалық ойын:**<br>«Қай ағаштың жапырағы?»<br>**Тапсырма:** Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: -«Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзеңкеге,орташаны |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Көрген заттарының Атын атап,суреттеп, қайсысының ұнайтынын не үшін ұнағанын айтқызу. Сөздік қорын молайту. **(Қатынас - көркем әдебиет)** | карточка бойынша әңгіме құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады **(Қатынас - сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті ойын:**«Дүкенші» **Тапсырма:**Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету. Ойынның мазмұны:Бір баланы сатушы етіп,қалған балалар сатып алушы болып ойнайды.(Мысалы, Сатушы «Келіңіз,сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету). | | жабдықтары:10сәбіз, 10 қияр , 10 қызынақтың суреттері, үш шелек. Ойынның барысы: Үстел үстінде көкөністердің суреттері шашылып жатады. Балалар сары шелекке сәбізді, жасыл шелекке қиярды, ал қызыл шелекке қызанақтарды топтастырып жинайды және түстерін айтып береді. **(Қатынас - сөйлеуді дамыту)** | орташа кәрзеңкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзеңкеге салуларың керек» -деп ортаға 3 баланы шығарады,алмаларды үзуді тапсырады.Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады Көрнекілігі : 3-түрлі көлемдегі үлкен,орташа,кішкентай, 3-кәрзеңке үлкен,орташа,кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар **(Әлементік –қоршаған ортамен танысу)** |
| **Жеке қауіпсіздік Ересек топ** | 16.20<br>16.45 | **№2 Тақырып**«Төтенше жағдай кезінде жедел қызметтерге қонырау соғу скриптері» **Тапсырма:** балаларды шұғыл қызметтерге дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету. | | | | |
| **Жеке қауіпсіздік Мектепалды топ** | | **№2 Тақырып**«Төтенше жағдай кезінде жедел қызметтерге қонырау соғу скриптері» **Тапсырма:** балаларды шұғыл қызметтерге дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс Ересек топ** | 16.45<br>17.00 | **Кошімхан Алихан** Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен спорттық жаттығуларды жасай алу техникасын үйрету; **Физикалық қасиеттері** | **Муканова Марем** Түрлі үйлесімдікте құрылған қазақ өрнегінің элементтерін салып үйрету. **Шығармашылық дағдыларының - зерттеу іс-әрекетінің дамуы** | **Камашева Анель** Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен спорттық жаттығуларды жасай алу техникасын үйрету; **Физикалық қасиеттері** | **Орынбай Аделина** Түрлі үйлесімдікте құрылған қазақ өрнегінің элементтерін салып үйрету. **Шығармашыл ық дағдыларының - зерттеу іс-әрекетінің** | **Кадырбаев Карим** 5ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажырат абілуге үйретуді дағдыландыру. **Танымдық және** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дамуы | зияткерлік дағдылар |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**Мектепалды топ** | | **Али Томирис**<br>сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу карқыны, интонация) сақтауды қалыптас-тыру<br>**Коммуникативтікдағдылары** | **Бақтыбаев Тамирлан**<br>геометриялық пішіндерді біледі<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылар** | **Серикова Медина**<br>бір-бірден, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табады;<br>**Физикалық қасиеттері** | **Манабек Әліби**<br>шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндауды үйрету<br>**Комуникативтік дағдылары** | **Бақтыбаев Тамирлан**<br>негізгі қимылдарды орындай білуді қалыптастыру<br>**Физикалық қасиеттері** |
| **Серуенге дайындық** | | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | 17.30 – 18.15 | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгіме жүргізу. Күзгі ағаштарды бақылау Мақсаты: - Күзгі ағашын бақылауды жалғастыру; Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>Қимылды ойын: «Жүгір де, ұста!», Қимылдыойын: «Алманы жұл» | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | 18.30 | Сурет салу, кітапқараудыұсыну. | Күзгітабиғаттуралыбалалар мен әңгімежүргізудіұсыну | Құстарғаүйшікжасауды ұсыну | Табиғиматериалдарды жинауғакөмектесу. | Балалармен аптабойыжасағанжұмыстарданалғанәсерлерінсұрау. |
| **Әдістемелік жұмыс** | | | Өндірістік жиналыс | | | |

Әдіскер: ________ Темирова Н.П.

Тәрбие - білім беру үдерісінің циклограммасы
«№ 2 бөбекжайы»МКҚК
Аралас тобы «Ақжелкен»
Балалардың жасы: 4-пен 5 жас
2024 - 2025 оқу жылының жоспары
Қыркүйек (3-апта) 16.09 – 20.09.2024ж
Тәрбиешілер: Сапарова А.А
Увайсова А.М
Қыркүйек –Еңбек пен кәсібиліктің құндылығы
Аптаның дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас,еңбегін кетпес далаға!»

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Уақыты** | **Дүйсенбі 16.09.2024** | **Сейсенбі 17.09.2024** | **Сәрсенбі 18.09.2024** | **Бейсенбі 19.09.2024** | **Жұма 20.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | 08.00 – 09.00 | Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толықаты–жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңесберу** | | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлыата-анамен әңгімелесу.<br>Ата-аналармен сөйлесу. Баланы қарауға үйретіңіз. Тротуардан жолға алғашқы қадам жасамас бұрын, автоматизмге көшені екі бағытта да қарау әдеті берілуі керек. Қарама - қарсы жақта туған үй, таныстар немесе бала басқа балалармен бірге көшені кесіп өткенде көшені мұқият қарау керек-дәл осы жағдайларда көлікті елемеу оңай. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу**.**<br>**«Қауіпсіздік сабағы»**<br>Жол қозғалысы ережелерін,өмір қауіпсіздігі негіздерін,зерделеу,білім алушылардың жеке қауіпсіздігін,қауіпсіз | **Дидактикалық ойын:** «Жемістер мен көкөністерді ажырат».<br>**Тапсырма:**Үстел үстіне шақырылған бала, көзің жұмады.Қасықпен баланың ауызына көкөніс салады. Осылайшабалаларғакөкөніс терменжемістердіңдәмінаж ырату<br>**(комуникативтік дағдылар-сөйлеудідамыту)** | **Дидактикалық ойын:** "Қай қолымда көп»<br>**Тапсырма:** ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары:ұсақ тастар, жаңғақтар. Ойынның мазмұны: Баланың қолына | **Дидактикалық ойын:** «Ол не?» Ойынның<br>**Тапсырма:**балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары:әр түрлі қалалардың сурет бөлінділері.<br>Ойынның | **Дидактикалық ойын:** «Менің мекенім, менің отбасым»<br>**Тапсырма:**Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мінез-құлқын және т.б қалыптастыру.<br>**«Біртұтас тәрбие"** | | үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдылар - математика негіздері)**<br><br>Шығармашылық сайыс<br>«Ана тілім – айбыным»<br>Қазақстанның тілдер мерекесіне орай<br>«Тілім менің тірегімнің айғағы» | мазмұны:Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөліндiлерден сурет құрайды. Сурет бойыншаәңгімеқұраудыұсыну.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдылар - математика негіздері)** | рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.<br>**(Комуникативтік дағдылар - сөйлеудідамыту)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | 8.30-8.40 | Дүйсенбі күні<br>Әнұран орындау | **4-кешен (таяқпен)**<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **(Біртұтастәрбие)** | қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Таңғы ас** | 09.00 – 09.15 | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын, Аумин | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | 09.15 09.30 | **Дидактикалық ойын** "Дүкен"<br>**Тапсырма:**Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету.<br>Ойынның мазмұны:Бір баланы сатушы етіп,қалған балалар сатып алушы болып ойнайды.<br>(Мысалы, Сатушы «Келіңіз,сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету).<br>**(Коммуникация - сөйлеуді дамыту)** | **«Күз нышандары».**<br>**Тапсырма:** Баланың дәм сезу қабілетін арттыру. Дәмін татып жеміс-жидектерді ажырата білуге үйрету.<br>Құрал- жабдықтар: тәрелкеде кесілген бірнеше көкөністер мен жемістер: алма, алмұрт, өрік, қияр, сәбіз т.б.<br>Ойынның барысы:Баланың көзін орамалмен орап, тәрелкеден бір көкөністі немесе жемісті ұсынамыз. Бала дәмінің тәтті, ащы, тұщы немесе тұздылығына қарап не жегенін айтуы керек.<br>**(Әлеумент –қоршаған ортамен таныстыру).** | **Дидактикалықойын:** Есте сақта және тап»<br>**Тапсырма:**берілген дыбысқа, сөз ойлап, ойлаған сөздегі дауысты, дыбыссыз Дыбыстарды ажырата білу. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>Көрнекі құралдар: кеспе әріптер қалтасы, текшелер салынған сандық, текшелер (дыбыстардын дауысты, дауыссыз екендігін білдіретін ерекше белгісі бар.)<br>**(Біртұтас тәрбие).** | **Дидактикалық ойын**<br>Не жетпейді<br>Ойынның<br>**Тапсырма:**Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету.<br>Ойынның мазмұны:Бір баланы сатушы етіп,қалған балалар сатып алушы болып ойнайды.<br>(Мысалы, Сатушы «Келіңіз,сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету). | **Дидактикалық ойын:** «Қай жемісті алдың?»<br>**Тапсырма:**жемістер атауын білдіретін, сөздердің түрліше атауларын үйрету<br>Шарты:жемістердің түрін,дәмін ажыратып түсін түстеп беру<br>**(Коммуникация – сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(Шығармашылық - сурет салу)** | |
| **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті Ересек топ** | 09.30 - 10.25 | **1.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.: "Топ-топ, аяқтар" Бодраченко залға кіреді<br>Тыңдау: Ф. Шуберттің" Вальсі"<br>Қоңырау ойыны: Попатенконың "Кап-кап-кап"<br>Ән айту:" күз келді " Бодраченко<br>Ойын:" ленталармен ойнау",. | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Өз мінез-құлқымызды басқарып үйренеміз.<br>**Тапсырма:**<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орын- дау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер<br>Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру<br>Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе-теңдік, үйлесімділік, күш, жылдам- дық пен реакция<br>Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану.<br>Кіріспе бөлім<br>Балаларға орнынан тұрып «Қалай тұрасың?» саусақ жаттығуларын жасауды ұсыну. | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Отбасы<br>**Тапсырма:**Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, "отбасы" туралы ұғымдарын кеңейту; қ дыбысымен таныстыру, отбасы мен туыстық атауларды қазақ тілінде түсіну, айту, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарына деген сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.<br>"Топ-топ, аяқтар" Бодраченко залға кіреді<br>Тыңдау:" Әлди-әлди", қаз. нар. ән | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Менің сүйікті жануарларым<br>**Тапсырма:** Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция<br>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгерме- лі жағдайлардағы секірулер.<br>Ойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту (ойынның түрлі нұсқаларын ойлап табу, қимылдарды құрастыру) | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Бірінші бол!<br>**Тапсырма:**Организмнің төзімділігі мен жат-тыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүкте- мелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығу- ларын орындау<br>Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау<br>Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту<br>Дербес түрде таныс қимыл-қозғалыс ойындарды және жаттығуларды өткізу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Ойынбастаушы» Әртүрлі қалыпта жүгіру. | Ән айту: А. Филиппенконың" егін жина". Ойын: Бодраченконың "қуыршақ бесігі" | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер Мектепалды топ** | | **1.Сауат ашу Тақырыбы:** Айналамдағы дыбыстар. **Тапсырма:**Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс айту дыбыстау. Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару. Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас нұсқаударын ( ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы! және т.б.) қолдану. Кіріспе бөлім Өсті ақыл, ойларың, Өсті, міне, бойларың. | **1.Математика негіздері Тақырыбы:** Айналамдағы заттарды санаймын. 1-ден 5-ке дейінгісандар. **Тапсырма:** Жиынэлемен ттерінатау. Суреттермен тапсырманы орындау. **Жаңалық ашу.**Үлестірмелі құралдармен жұмыс. дәптердегі,тапсырманы орындау. Сергітусәті. дәптермен жұмыс. **«Молекула»** ойыны. **Тапсырма:**Балаларға 3 санын меңгерту,зейін қойып тыңдау және ойлауын дамыту. Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады.Тәрбиеші «атом» дегенде балалар әр түрлі қозғалыста болады. «Молекула 1,2,3...»дегенде сонша бала болып | **1.Қазақ тілі Тақырып:** Отбасы **Тапсырма:**Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, "отбасы" туралы ұғымдарын кеңейту; қ дыбысымен таныстыру, отбасы мен туыстық атауларды қазақ тілінде түсіну, айту, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарына деген сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Сөздік қорларына "үлкен", "кіші", "туыстар", "аға", "әпке" сияқты сөздерді енгізіп, "ана", "әке", "әжетай", "анашым", | **1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы**:Өскенде кім болам? **Тапсырма**: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.Берілген тақырып аясында диалогке қатысу. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу. Оқу қызметінің барысы: «Кім болам» Ә.Дүйсенбиев Жұмбақ шешу. Тақырыпты ашуға қосымша сұрақтар қою. Әліппе дәптермен жұмыс Ойын: Қандай мамандық иесі | **1.Қазақ тілі Тақырыбы:** Дыбыс **Тапсырма:**Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз с-з, ж-ш, н-ң, х-һ дыбыстарын есту бойынша ажыратуыға және анық айтуға үйрету Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі. **2.Дене шынықтыру Тақырыбы:**Бірінші бол! **Тапсырма:**Организм нің төзімділігі мен жат- тыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүкте- мелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығу- ларын орындау Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Иіліп сәлем береміз,<br>Әдепті боп өсеміз.<br>(Ұ) Түрлі дыбыстар жазыған үнтаспаны тыңдауға ұсыныс айту.<br><br>**2.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.:<br>Е. Андосовтың "Шеруі", М.Мусоргскийдің "Биі". Тыңдау:" ерем-ай", нар. Б. Далденбаев атындағы Қазақ əні.<br>Əн айту: В. Фишкиннің "Жалқау қоңызы".<br>Муз - жоқ дид.ойын: Е. Тиличеваның" баспалдақ"<br>Ойын: музыка жетекшісінің таңдауы бойынша көңілді музыкаға "егін жинаңыз".<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Суретпен жұмыс<br>**Тапсырма:** Қоршаған орта жайлы білімдерін ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту<br>Әдіс-тәсілдер: | топтасулары керек. Тәрбиеші қанша сан айтса сонша бала топтасуы керек.<br><br>**2.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**Бәріміз тақпақ айтамыз.<br>**Тапсырма:** Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау<br>Сөз/сөйлем сызбасын оқу.<br>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.<br>Қарапайым жиектерді штрихтап салу.<br>Ойын: Күн шуағы.<br>Жұмбақ шешу.<br>Буын туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Көрсетпе құралдармен жұмыс.<br>Сергіту сәті.<br>Саусақ жаттығуы.<br>Ойын: Тез ата.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Өз мінез- | "әкешім" сынды отбасы мүшелерінің атаулары арқылы айтылым дағдыларын жандандыру; "отбасы" тақырыбындағы сұрақтарға толық жауап беру арқылы тілдерін байыту.<br><br>**2.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** «А дыбысы мен әріпімен таныстыру»<br>**Тапсырма:** балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; А дыбысымен таныстыру, Танып білуге деген қызығушылық- тарын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.:<br>Е. Андосовтың "Шеруі", М.Мусоргскийдің "Биі". Тыңдау:" ерем-ай", нар. Б. Далденбаев атындағы Қазақ əні.<br>Əн айту: В. Фишкиннің "Жалқау қоңызы". | **2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1 - ден 5ке - дейін тура жәнекерісанау.<br>Жұмбақ, мақал, логикалық есептер бере отырып, есте сақтау қабілеттерін арттыру, ой өрісін дамыту.<br>Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Көрнекілік: геометриялық пішіндер, суреттер.<br>**«Қалт етпей қағып ал,жауабын тауып ал» ойыны.**<br>Тапсырма:5 санының шығу жолын табуда есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Шарты: Балалар дөңгелене тұрады.Ортада тұрған тәрбиеші<br>«Қалт етпей қағып ал,жауабын тауып ал»деп екі және үш деп<br>бір балаға допты | түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау<br>Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту<br>Дербес түрде таныс қимыл-қозғалыс ойындарды және жаттығуларды өткізу.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>Қ.Күзембай «Осындай менің отбасым» өлеңі<br>**Тапсырма:** Шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Өз туыстарына деген адамгершілік қарым –қатынасқа тәрбиелеу.<br>Шығармаларды сахналауға қатысуға ықыластарын арттыру.<br>Таңғажайып ертегілер «Жеті лақ» ертегісі<br>Мақсаты: ертегі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бейнематериал мен аудиожазбамен жұмыс, әңгімелесу, суретпен жұмыс,» ашық сұрақ, балаүні. (Топтық, жұптық, жеке) жұмыстарын түрлі ойын арқылы тапсырмалар беру. Саралау, бақылау жұмыстары. Кері байланыс, рефлексия: «көңілді самйликтер», «бас бармақ» әдісі<br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Жеміс терейік»<br><br>**4.Қоршаған ортаны тану**<br>**Тақырыбы:** Қызыл кітаптағы өсімдіктер әлемі<br>**Тапсырма:** Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктерді атау.<br>Қызыл кітап туралы түсініктерін кеңейту.<br>Сұрақтар: Қызыл кітап не үшін қажет?<br>Қызыл кітапқа қандай өсімдіктерді кіргізеді?<br>Не үшін Қызыл | құлқымызды басқарып үйренеміз.<br>**Тапсырма:**<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орын- дау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер<br>Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру<br>Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе-теңдік, үйлесімділік, күш, жылдам- дық пен реакция<br>Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану.<br>Кіріспе бөлім<br>Балаларға орнынан тұрып «Қалай тұрасың?» саусақ жаттығуларын жасауды ұсыну.<br>«Ойын бастаушы»<br>Әртүрлі қалыпта жүгіру. | Муз - жоқ дид.ойын: Е. Тиличеваның" баспалдақ"<br>Ойын:" Дөңгелек Би " Т. Кулинова.<br><br>**4.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Анама көмектесемін.5-ке дейін санаймын.<br>**Тапсырма:** көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.<br>Санамақ айту.Балаларға сұрақтар қою.<br>Суреттермен тапсырманы орындау.<br>Үлестірмелі құралдармен жұмыс.<br>Сергіту сәті.<br>дәптермен жұмыс.<br>«Суретпен жұмыс» ойыны. | лақтырады.Допты қағып алған бала, үш және екі болады бес деп допты тәрбиешіге кері лақтырады.<br><br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Тақырыбы:**Бақылау кезіндегі әсерің қандай?<br>**Тапсырма:** Алынған ақпаратты ұсыну және қорытынды жасау.<br>Кіріспе бөлім<br>Жағымды көңіл-күй орнату<br>Өзекті сұрақ. Мектепке келе жатқан жолыңда не көрдің?<br>Әліппе дәптермен жұмыс.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Адамның тіршілігіне қажетті заттардың суреттерін салады.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Менің сүйікті жануарларым | кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.<br><br>**4.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жаяу жүргіншілерге, машиналарға арналған кең және тар жолдар»<br>**Тапсырма:** Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектен қарапайым құрылыстар құрастыру, бөлшектерді орналастыру, кірпіштерді қалау тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді көлденең орналастыру арқылы құрылыс материалдарынан тар және кең жолдарды құрастыра білуге үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кітап деп аталған?дәптермен жұмыс.<br>Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері.<br>Өзіндік жұмыс:<br>«Сен қандай ереже ұсынарең?<br>«Жарамсыз заттан жарамды зат жасау».<br>Қоқыстарды табиғат аясына лақтырмай керісінше жарамды затқа айналдыру.<br>Сүт, шырын қорапшаларынан арнайы қобдиша әзірлеу. | **4.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** С.Маршак «Доп» өлеңі<br>**Тапсырма:**<br>Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға үйрете отырып, өлеңді есте сақтап, мәнерлеп айтуға үйрету. - Балалар, бүгін біз сендермен ойыншықтар әлеміне саяхатқа келдік. Барлық балалар өздеріне ұнаған ойыншықтармен ойнап, соларға ат қояды. Өздері ойыншық сатушы, бірі алушы болып ойнайды. Ойыншықтарды сендер үшін жасайтын зауыттар болады. Сондықтан ойыншықтармен сындырмай, ұқыпты болып ойнау керек. | | **Тапсырма:** Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция<br>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгерме- лі жағдайлардағы секірулер. | |
| **Екінші ас** | 10.30-10.40 | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)).<br>Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тікұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, Коммуникативті әрекет). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызметету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Серуен** | 10.40-<br>10.50 | 1.№ 1Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау<br>2.№ 2Күздің алғашқыбелгілерінбақылау<br>3.№ 3 Қайың ағашын бақылау<br>4.№ 4Өрмекшіні бақылау<br>5.№ 5 Күн — жылу мен жарыққөзі<br><br>Балаларменқосымшаойын<br>**«Арқантарту»**<br>**Тапсырма:**Балалардынептілігін,қимыл-қозғалысәрекетіндамыту.Төзімділікке,өзара достыққа,сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | 1.Мақсаты: жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>2. Мақсаты: жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>3. Мақсаты: күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>4.Мақсаты: өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>Айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>5. Мақсаты:күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | 11.50 –<br>12.20 | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқкиімдерін өз бетінше ауыстырып, киюінуін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар жәнет.б. жаттау**(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | 12.30 –<br>12.50 | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жуу»**(сөйлеуді дамыту).**Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану ,сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже:<br>Тамақішер кездеенді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. | |
| **Күндізгі ұйқы** | 12.50 -<br>15.10 | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнынтауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызметету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Аудио ертегі тыңдау. «Үйшік» ертегісі. (көркемәдебиет) | Табиғатдыбыстарынтыңдау (баяу, ақырын). (музыка) | Тынысалужаттығуларынжасау (денешынықтыру) | Жағымды музыка тыңдау (баяу, ақырын). (музыка) | Аудио ертегітыңдау. «Үйшік» ертегісі. (көркемәдебиет) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | 15.10–15.40 | Кешен**№2 «Мысығым»**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызметету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | 16.00 – 16.20 | Кезекшілердің жұмысы( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | 16.30 – 17.30 | **Сюжетті-рөлдік ойын:** «Өзара айырмашылығын тап»<br>**Тапсырма:**Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.<br>Ойын шарты: Балалардың алдына аңдардың суреті бар конверт таратылады.Балалар суретті алып ненің артық екенін ажыратып табулары керек.<br>**(Қатынас-сөйлеудідамыту)** | **Дидактикалық ойын:** «Тақия тастамақ»<br>**Тапсырма:**Бұл ойын балаларды жылдамдыққа,сезгіштікке,сақтыққа,дер кезінде тығырықтан шығуға білуге үйретеді.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **Сиқырлы жапырақтар**<br>Жапырақтарды сызу арқылы сурет салуға үйрету, эстетикалық көқарасты қалыптастыру, бақылау дағдыларын дамыту.<br>**(Варативтік компонент)** | **Дидактикалық ойын:** «Құстардың ұясы қайда?»<br>**Тапсырма:**Балаларды құстардың аттарын атауға үйрету.<br>Ойын ережелері:Өз тобына арналған тапсырмаға сәйкес келетін суреттерді таңдап алу: балықтар, жәндіктер, құстар, жануарлар, су өсімдіктері.<br>Ойынның барысы: Топ бөлмелерінің әр жерлеріндегі үстелдерге карточкалар қойылады. Балалар 6 топқа бөлінеді (ең көбі-құстар). | **Бір тұтас тәрбие Дидактикалық ойын: «Бағдаршам»**<br>**Тапсырма:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.<br>Қажетті құралдар:түрлі-түсті дөңгелектер.<br>Ойын барысы:Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап бағдаршамды  жылдам тауып, тұра қалу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жүргізушінің белгісі бойынша балалар бөлмеге кіріп,сәйкес келетін карточкаларды таңдап алады,сонан кейін топ болып,бас қосады.Олар жинаған суреттерді қойып,әр топ өз құстарына «үй» таңдайды(үйшік немесе ұя). **(Қатынас - сөйлеуді дамыту)** | **(қоршаған ортамен танысу - әлеументік)** |
| **Жеке қауіпсіздік Ересек топ** | 16.20 16.45 | **№ 3 Тақырып** «Топтағы қауіпсіз мінез – құлық ережелері» **Тапсырма:**Үйрету балалар негізі жүргізу ережелері қорғау қауіпсіз қорғау қауіпсіз атмосфера барлық. | | | | |
| **Жеке қауіпсіздік Мектепалды топ** | | **№ 3 Тақырып** «Топтағы қауіпсіз мінез – құлық ережелері» **Тапсырма:** Үйрету балалар негізі жүргізу ережелері қорғау қауіпсіз қорғау қауіпсіз атмосфера барлық | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс Ересек топ** | 16.45 17.00 | **Муканова Марем** Түрлі үйлесімдікте құрылған қазақ өрнегінің элементтерін салып үйрету. **Шығармашылық дағдыларының - зерттеу іс-әрекетінің дамуы** | **Айтмұхамедова Дамира** Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен спорттық жаттығуларды жасай алу техникасын үйрету; **Физикалық қасиеттері** | **Манарбек Аль-Тайыр** Спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникаларын игеруді үйрету. **Физикалық қасиеттері** | **Орынбай Аделина** Түрлі үйлесімдікте құрылған қазақ өрнегінің элементтерін салып үйрету. **Шығармашыл ық дағдыларының - зерттеу іс-әрекетінің дамуы** | **Айтмұхамедова Альмира** 5ке дейінкеріқарайсанауды бекіту. Геометриялықденелер дідұрысатап, ажыратабілугеүйретуді **Танымдық және зияткерлік дағдыларын** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс Мектепалды топ | | **Манарбек Әліби** шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндауды үйрету **Коммуникативтікдағдылары** | **Серикова Медина** сурет салу кезінде карындашты, фломастерді, кылқаламды қолында еркін ұстай біледі; **Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы** | **Али Томирис** сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қаркыны, интонация) сақтауды қалыптас-тыру **Коммуникативтікдағдылары** | **Манабек Әліби** бір-бірден, шеңберге кайта тұрады, саптағы өз орнын табады; **Физикалық қасиеттері** | **Бақтыбаев Тамирлан** геометриялық пішіндерді біледі **Танымдық және зияткерлік дағдылар** |
| Серуенге дайындық | | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызметету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| Серуен | 17.30 – 18.15 | Серуенге қызығушылық тұғызу. Балалармен жеке әңгіме жүргізу. Күзгі ағаштарды бақылау Мақсаты: - Күзгі ағашын бақылауды жалғастыру; Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету Қимылды ойын: «Жүгір де, ұста!», Қимылды ойын: «Алманы жұл» | | | | |
| Балалардың үйге кайтуы | 18.30 | Күзгі табиғат туралы балалар мен әңгіме жүргізуді ұсыну | Суретсалу, кітапқараудыұсыну. | Құстарға үйшік жасауды ұсыну | Табиғи материалдарды жинауға көмектесу. | Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау. |
| Әдістемелік жұмыс | | | Әдіс бойынша кеңес №1 | | Ата-аналар жиналысы Тақырыбы: "Мектеп жасына дейінгі баланы еңбекке тәрбиелеу" | |

Әдіскер: ________ Темирова Н.П

Тәрбие - білім беру үдерісінің циклограммасы
«№ 2 бөбекжайы»МКҚК
Аралас тобы «Ақжелкен»
Балалардың жасы: 4-пен 5 жас
2024 - 2025 оқу жылының жоспары
Қыркүйек (4-апта) 23.09 – 27.09.2024ж
Тәрбиешілер: Сапарова А.А
Увайсова А.М
Қыркүйек –Еңбек пен кәсібиліктің құндылығы
Аптаның дәйексөзі: «Еңбек –жайғана қызмет емес, адам болмысының айнасы!»

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Уақыты** | **Дүйсенбі 23.09.2024** | **Сейсенбі 24.09.2024** | **Сәрсенбі 25.09.2024** | **Бейсенбі 26.09.2024** | **Жұма 27.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | 08.00 – 09.00 | Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толықаты–жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.<br>Ата-аналаларға ауа райына байланысты балаларды киіндіріп келуін сұрау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **Дидактикалықойын:** «Шарды үрле»<br>**Тапсырма:** Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: шарлар.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.<br>**(Комуникативтік дағдылар - көркем** | **Дидактикалықойын:** «Сөйлемді аяқта»<br>**Тапсырма:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>Ойын барысы:Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойыншаәңгімеқұрапсөйлем діаяқтайды.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **Дидактикалық ойын:**<br>«Дұрыс қой» ойыны.<br>**Тапсырма:** балалардың ойлау қабілетін ой-қиялын дамыту<br>Көрнекілігі:ойынға қатысты суреттер<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдылар - математика негіздері)** | **Дидактикалық ойын:**«Кім зейінді»<br>**Тапсырма:** Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.<br>Көрнекілік: Сіріңке қорабында таратпа геометриялық пішіндер.<br>Барысы: Тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып | **Дидактикалық ойын:** «Заттар өзі жайлы не дейді?»<br>**Тапсырма:**Балаларды заттарды танып, атай білу іскерлігін жетілдіру, сөздік қорын дамыту<br>Ойын шарты: Тәрбиеші балалармен бірге әртүрлі материалдан жасалған заттар түрлерін немесе заттық суреттерді көріп тамашалайды. Сосын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **әдебиет)** | | | бейнелер құрайды. Жылдам болған бала мадақталады. **(Танымдық және зияткерлік дағдылар - математика негіздері)** | барлық заттарды жинап алып, бір ғажайып қапшыққа салып қояды. Балалар әр қайсысы қапшықтан заттарды біртіндеп алып, оның қажеттігі жайлы атынайта отырып, толық сипаттама береді. **(Әлеументік дағдылар - қоршаған орта)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | 8.30-8.40 | Дүйсенбі күні Әнұран орындау **(Біртұтас тәрбие)** | **№4-кешен (таяқпен)** Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Таңғы ас** | 09.00 – 09.15 | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | 09.15 – 09.30 | **Дидактикалық ойын** «Бағдаршам не дейді?» **Тапсырма:**балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Іс жүзінде жол ережесін с ақтауғаүйрету. Бағдаршамныңатқаратын қызметімен таныстыру. **(Коммуникация - сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын:** «Менің мекенім, менің отбасым» **Тапсырма:**Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. **(Біртұтас тәрбие)** | **Дидактикалық ойын:** «Қарама – қарсы сөздер». **Тапсырма:**антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. Көрнекілігі: доп, карточкалар. Ойын шарты: тәрбиеші шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге Кері лақтырып, айтылған сөзге қарама- қарсы сөзді айтуы керек. **(Қатынас - көркем әдебиет)** | Сюжетті- желілі ойын: «Ойыншықтарды үйге орналастырамыз» **Тапсырма:**Балаларды заттарды сипаттауға үйрету, олардың басты қасиеттерін табу; сипаттама бойынша заттарды тану Ойын ережесі.Егер сатып алушы ойыншық жайлы жақсы сипаттаса ғана сатушы оған оны сатады. Ойын әрекеттері.Санамақпен сатушыны таңдайды. Сатыпалынғанойыншықтарменойнау. | **Ойын:**Ұшады ұшпайды **Тапсырма:**Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу. Ойын ережесі. Қай ағаштың жапырағы екенін атаған соң, тәрбиешінің: «Дәл осындай жапырақ, ұшсын маған жақындап» деген сөзінен кейінғана жүгіру керек. **(Коммуникация - Сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті Ересек топ** | 09.30 - 10.25 | **1.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.: Жылжымалы музыкамен жеңіл жүгіру (музыка жетекшісінің таңдауы бойынша).<br>Тыңдау: А. Хачатурянның "Арқан"<br>Ән айту:" міне күз келді " А. А. Евтодьева<br>Би:" Полка " А. Филлипенко<br>Ойын: "шалшық" (музыка жетекшісінің таңдауы) | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру<br>**Тапсырма:** түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүруге; 10 см биіктікке көтеріле өрмелеуге үйрету.<br>Міндеттері: жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын дамыту.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар: таяқшалар, жалаушалар, себеттер және т.б. ойынға қажетті заттар. | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырып:**«Қарлығашқа көмек көрсету» /жыл құстары/<br>**Тапсырма:** Құстар атауларымен таныстыра отырып, «Жабайы құстар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту;<br>-Презентация арқылы сөз тіркесін және сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту,<br>- игровизор, карточкаларменжұмысістейотырыпбайланыстытілдідамыту;<br>- «ғ», «қ», «ұ», «ү» дыбыстарыныңайтылуынүйрету.<br>Қолданылатынматериалдар: компьютер, игровизор, карточкалар, суреттер, ұя, күлгінорман, жұмыртқа<br><br>**2.Музыка**<br>Муз-но | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** 10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. Допты қос қолмен торға лақтыру.<br>**Тапсырма:** .10 см биіктікке көтеруге өрмелеу; допты қос қолмен торға лақтыруды үйрету.<br>Міндеттері: жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Допты қос қолмен торға лақтыруды үйрету. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Жүгіру кезінде тыныс алуларын, дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. Дұрыс жүгіру қабілеттілігін дамыту.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар: таяқшалар, жалаушалар, себеттер | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Допты қос қолмен торға лақтыру. Кішкентай қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>**Тапсырма:** Допты қос қолмен торға лақтыру. Кішкентай қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>Міндеттері: балларды допты қос қолмен торға лақтыруға және қапшықты төбесіне қойып жүруге үйрету. жаттығулардың ережелерін дұрыс орындауға дағдыландыру. Денсаулығы шымыр азамат етіп тәрбиелеу. Ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар: доптар, себеттер, қапшықтар, тақтай және т.б. ойынға қажетті заттар. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ритмич.движ.: "Балалық шақ" А. Енепова.<br>Есту « "сәнсіз домбыра болмайды" И. Нусипбаева<br>Ән: "Егін жина" А. Филиппенко.<br>Ойын: "тұтқын" ("кім тығылды?») | және т.б. ойынға қажетті заттар. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер Мектепалды топ** | | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Ойыншықтарды түстеріне қарай айыра білу»<br>**Тапсырма:**Балаларға заттың пішіні,түсі деген ұғымды қалыптастыру,түстеріне қарай топтастыра білуге үйрету.Ойын арқылы есте сақтау қабілетін,тілін дамыту,достыққа тәрбиелеу.<br>Сабақтың көрнекілігі:түрлі түсті пішіндер,(дөңгелектер) ғажайып қорап,сандық,суреттер.<br>**2.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс.: "Көңілді асатаяк". | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**«Сиқырлы таяқшалар»<br>Тапсырма:Балаларды таяқшаларды пайдалана отырып,геометриялық пішіндер құрастырып үйрету.Жалғастыра құрастырған ж/е екі таяқша қосып өзгертуге үйрету.Санау дағдыларын қалыптастыра отырып балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**2.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** Үй құстары,әтеш,тауық, балапан,қаз,үйрек.<br>**Тапсырма:**Балаларға үй құстарын таныстыру,олардың | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>**Тақырып:**«Қарлығашқа көмек көрсету» /жыл құстары/<br>**Тапсырма:** Құстар атауларымен таныстыра отырып, «Жабайы құстар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту;<br>-Презентация арқылы  сөз тіркесін және сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту,<br>- игровизор, карточкал401арменжұмысістейотырыпбайланыстытілдідамыту;<br>- «ғ», «қ», «ұ», «ү» дыбыстарыныңайтыл | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**"Кім қалай қозғалады?"<br>**Тапсырма:** балалардың сөздік қорын байыту, ойлау қабілетін, зейінін дамыту,<br>қиял, ептілік.<br>Дидактикалық ойын: әр балаға доп лақтыра отырып, бір нәрсені атайды<br>жануар, ал бала допты қайтара отырып, етістікті айтады, оны мыналарға жатқызуға болады<br>аталған жануарға.<br>Ит - тұрады, отырады, жатады, жүреді, ұйықтайды, | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Менің отбасым.<br>**Тапсырма:**<br>Балалардың «Отбасы» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, отбасында кімдер тұратынын, отбасы мүшелерінің не істей алатынын айта алуға үйрету.<br>Сурет бойынша сөйлемдер құрап айтуға машықтану.<br>Сөздер мен сөйлемдерді орынды қолдана білуге дағдыландыру, тіл дамыту.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар: балалардың отбасымен түскен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мен балаларға ойын ұсынамын<br>Тыңдау: С.Кибировтың "Күз".<br>Ән Айту: Қ. Шилдебаевтың " Күз " Әні.<br>Ойын: мұғалім балаларға таныс ойын таңдап, ойнауды ұсынады.<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**"Кім қалай сөйлеседі?"<br>**Тапсырма:**сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту, кезекпен допты балаларға лақтырып, жануарлардың атын атайды. Балалар, допты қайтарған кезде белгілі бір жануардың қалай дауыс беретініне жауап беру керек:<br>Сиыр күңкілдейді<br>Жолбарыс ырылдап жатыр<br>Жылан ысқырады<br>Маса шырылдайды<br>Ит үреді<br>Қасқыр улайды<br>Үйрек дірілдейді<br>Шошқа күңкілдейді. | тіршілігімен пайдасын айтып,білімін,танымын жетілдіру.Суреттер, дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үй құстарына қамқорлықпен қарауға,адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Д/О: «Үйқұстарынтауыпата»<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру<br>**Тапсырма:** түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүруге; 10 см биіктікке көтеріле өрмелеуге үйрету.<br>Міндеттері: жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау.<br>Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын дамыту.<br>Қолданылатын көрнекі | уынүйрету.<br>Қолданылатынматериалдар: компьютер, игровизор, карточкалар, суреттер, ұя, күлгінорман, жұмыртқа<br><br>**2.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**Менің достарым<br>**Тапсырма:** Сөз буыннан, буын дауысты дыбыстан құралатынын түсіндіру<br>Сөз қазақ тіліндегі сөздердің соңғы буынына түсетінін атап айту.<br>Зейінділікке тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка**<br>Муз - бірақ ритақты.қозғалыс."Көңілді асатаяқ"," Айгөлек", қаз. нар. әуен обр. Е.Лапин.<br>Тыңдау: Г. Чебаковтың "Күн"<br>Ән Айту: Қ. | үреді, қызмет етеді (мысық, тышқан...)<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: «Көнілдісандар»<br>**Тапсырма:**Балалардың логикалықойлауқабілеттеріндамыту.Заттардыкөзбенсалыстырып, жаттықтыру.Қойылған сұрақтарға және берілген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.Ізденісті шығармашылық іс-әрекетке ықпал ету.Тәрбиеші Сиқырлы қолғапты пайдаланып, «Рукавичка» укр.халқының ертегісінның кейіпкерлерімен таныстыру.Атайдың қолғабының сыңарын суреттен кім тез табады.<br><br>**3.Қоршаған ортаны тану** | фотосуреттері, үлестірмелі материалдар,<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Допты қос қолмен торға лақтыру. Кішкентай қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>**Тапсырма:** Допты қос қолмен торға лақтыру. Кішкентай қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.<br>Міндеттері: балларды допты қос қолмен торға лақтыруға және қапшықты төбесіне қойып жүруге үйрету. жаттығулардың ережелерін дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>Денсаулығы шымыр азамат етіп тәрбиелеу. Ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Қолданылатын көрнекі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | допты лақтырып:<br>Дидактикалық ойын:<br>"Кім ырылдап жатыр?",<br>"Ал кім ырылдап жатыр?"<br>деп сұрайды.,<br>"Кім үреді?", "Кім<br>шақырады?" т.б.<br><br>**4.Қоршаған ортаны тану**<br>**Тақырыбы:** Тұрмыстық бұйымдар<br>**Тапсырма:**адам көмекшілері туралы балалардың білімдерін кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электр тоғы, тұрмыстық техника туралы білім беру; балалардың назарын заттардың адам үшін қызмет ететедігіне аудару; балалардың зейінін техниканы адам жасап шығарғандығына және адам оны жетік меңгере алатынына, қайта жасай алатынына аудартү, осындай құралдарды жасаған үлкендердің еңбегіне құрмет көрсете білуге | құралдар: таяқшалар, жалаушалар, себеттер және т.б. ойынға қажетті заттар.<br><br>**4.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Білім-бұлағың.<br>**Тапсырма:** балабақшағ,мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білім-бұлағың» өлеңін оқып үйреніп, сөздердің мағналарын түсіндіру.Барлық адамдардың ақын да,ғалым да бәрі мектепт ен балабақшадант білім алатыны туралы балаларға айтып беру. | Шилдебаевтың " Күз " Әні.<br>Ойын:" Бақша " Т. Кулинова.<br><br>**4.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**«Жалғастырып сал»<br>**Тапсырма:** Балаларға берілген әртүрлі көлемді дөңгелектерді,үшбұрышты сопақшаларды жалғастырып салуға үйрету.Не салғанын,неге ұқсайтынын айтқызып үйрету.Шытырман ойындарды ойнауға үйрету.Балаларды табандылыққа логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.(«Көңілді қарындаш» қонаққа келіп балалармен ойын ойнап сурет салады). | **Тақырыбы:** Нан – ел байлығы<br>**Тапсырма:** Балаларды ыңнантуралыбілімдерінкеңейту;<br>Естесақтау, зейінқоябілуқабілеттеріндамыту;<br>Қойылғансұрақтарғатолықжауапберугеүйрету.<br>Көрнекіліктер: Нанның, тоқаштыңсуреттері<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** 10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. Допты қос қолмен торға лақтыру.<br>**Тапсырма:** .10 см биіктікке көтеруге өрмелеу; допты қос қолмен торға лақтыруды үйрету.<br>Міндеттері: жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Допты қос қолмен торға | құралдар: доптар, себеттер, қапшықтар, тақтай және т.б. ойынға қажетті заттар.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Кішкентай бағбан (әңгіме)<br>**Тапсырма:**әңгімені таныстыруда баланың зейінін аударып, әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Бағбан туралы түсінік беру.Табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс:қыбырлап, дегдіді.<br>Көрнекілік:күзгі бақтың суреті,жұмыс дәптері,түрлі –түсті қарындаш.<br><br>**4.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Көкөністер, жемістер»<br>**Тапсырма:** Білімділік: көкөністер, жемістер туралы білім беру; Ойлау, есте сақтау, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу.<br>Керкті<br>құралдар: тұрмыстық техника құралдары бейнеленген суреттер, шаңсорғыш, телефон, радио, теледидар. | | | лақтыруды үйрету.<br>Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Жүгіру кезінде тыныс алуларын, дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. Дұрыс жүгіру қабілеттілігін дамыту.<br>Қолданылатын көрнекі<br>құралдар: таяқшалар, жалаушалар, себеттер және т.б. ойынға қажетті заттар. | шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>Сөз қорларын молайту.<br>Сұраққа толық жауап беруге тәрбиелеу.<br>Көрнекіліктер:<br>Көкөністер мен жемістердің суреттері; |
| **Екінші ас** | 10.30-10.40 | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)).<br>Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды,<br>Коммуникативті әрекет). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | 10.40-10.50 | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызметету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Серуен** | 10.50<br>11.50 | 1.№ 6 Аула тазалаушыеңбегінбақылау<br>2.№ 7 Саңырауқұлақтарды бақылау<br>3.№ 8 Арнайыкөліктердібақылау<br>4.№ 9 Гүлегілгенклумбаныбақылау<br>5.№ 10 Ағаштарды бақылау<br><br>Балалармен қосымша ойын<br>**«Арқан тарту»**<br>Тапсырма:Балалардың ептілігін, қимыл-қозғалысын әрекетін дамыту.Төзімділікке, өзара достыққа,сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | 1.Мақсаты: күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту,<br>аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу<br>2.Мақсаты: саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту<br>3.Мақсаты: Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>Сөздік қорларын молайту.<br>4.Мақсаты: өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;<br>кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу;<br>Күздегүлашатынгүлдермен (астра, настурция)таныстыру<br>5.Мақсаты: күзмезгілітуралыжалпыбілімдерінқалыптастыру;<br>қайың мен терекағашындіңдері мен жапырақтарынақарапайырабілугеүйрету;<br>ағашбөліктерітуралыбілімдерінтиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);<br>туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу |
| **Серуеннен оралу** | 11.50 –<br>12.20 | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар жәнет.б. жаттау**(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | 12.30 –<br>12.50 | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»**(сөйлеуді дамыту).**Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану ,сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. | |
| **Күндізгі ұйқы** | 12.50 -<br>15.10 | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Аудио ертегі тыңдау.<br>«Үш аю» ертегісі.<br>(көркем әдебиет) | Табиғат дыбыстарын тыңдау (баяу, ақырын). (музыка) | Ертегіоқу.<br>«Тырна мен түлкі» ертегісі.<br>(көркем әдебиет) | Тыныс алу жаттығуларын жасау (дене шынықтыру) | Аудио ертегі тыңдау.<br>«Үйшік» ертегісі.<br>(көркем әдебиет) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,**<br>**Сауықтыру шаралары** | 15.10–15.40 | **№8** Оң қолымызбен сол қолымызды уқалаймыз<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын<br>тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>Алақанымызды уқалап жылытамыз<br>Жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз | | | | |
| **Бесін ас** | 16.00 – 16.20 | Кезекшілердің жұмысы( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар,**<br>**үстел үсті ойындары,**<br>**бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | 16.30 – 17.30 | **Дидактикалық ойын:** «Менің тазалық құралдарым»<br>**Тапсырма:**Қоршаған орта дағынысандар мен құбылыстарға танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Өз ағзасы мен денсаулығына ұқыптылықпен қарауға дағдыландыру. Тазалық құралдыры жайлы білімдерін тыянақтау.<br>Құрал – жабдықтары: Баланың үлкен суреті, орамал, сабын, тіс щетқасы, тарақ, машина, ағаш, куртканың суреттері | **Дидактикалықойын:** «Сүйікті қалаға саяхат»<br>**Тапсырма:**Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту;үлкендер еңбегі,автокөліктер.<br>Ойынның барысы:Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп,карточкаларды таратады.Содан соң қаланың көрікті жерлері,үлкендер еңбегі,автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді.Балалар қолдарындағы карточка бойынша әңгіме құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ | **Тақырыбы: Сиқырлы жапырақтар**<br>Жапырақтарды сызу арқылы сурет салуға үйрету, эстетикалық көқарасты қалыптастыру, бақылау дағдыларын дамыту.<br>**(Варативтік компонент)** | **Дидактикалық ойын:** «Көкөністер жинайық»<br>**Тапсырма:** Қоршаған ортадағы нысандар мен құбылыстарға танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру, балаларға көкөністер туралы білімдерін толықтыру, көкөністерді атай білуге үйрету.<br>Құрал – жабдықтары:10сәбіз, 10 қияр , 10 қызынақтың | **Дидактикалық ойын:** «Қай ағаштың жапырағы?»<br>**Тапсырма:** Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: -«Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзеңкеге,орташаны орташа кәрзеңкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзеңкеге салуларың керек» -деп ортаға 3 баланы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ойынның барысы: Тақтада баланың үлкен суреті ілініп тұр. Үстел үстінде әртүрлі заттар жатыр.Тәрбиеші: - Балалар денсаулығымыз жақсы болу үшін, ауырмай жүру үшін бізге қандай заттар қажет. Балалар үстел үстіндег ісуреттер арасынан тазалық құралдарын алып бала суретіндегі тор көздерге орналастырады. **(Қатынас – сөйлеудідамыту)** | жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады **(Қатынас - сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті ойын:**«Дүкенші» **Тапсырма:**Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету. Ойынның мазмұны:Бір баланы сатушы етіп,қалған балалар сатып алушы болып ойнайды. (Мысалы, Сатушы «Келіңіз,сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету). | | суреттері, үш шелек. Ойынның барысы: Үстел үстінде көкөністердің суреттері шашылып жатады. Балалар сары шелекке сәбізді, жасыл шелекке қиярды, ал қызыл шелекке қызанақтарды топтастырып жинайды және түстерін айтып береді. **(Қатынас - сөйлеуді дамыту)** | шығарады,алмаларды үзуді тапсырады.Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады Көрнекілігі : 3-түрлі көлемдегі үлкен,орташа,кішкентай, 3-кәрзеңке үлкен,орташа,кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар **(Әлементік – қоршаған ортамен танысу)** |
| **Жеке қауіпсіздік Ересек топ** | 16.20<br>16.45 | №4 **Тақырып**«үйдің мекен жайын,ата-аналардың нөмерлерін жатқа білеміз» **Тапсырма:** төтенше жағдайда ақпаратты бере алуы үшін балаларды үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін есте сақтауды және дұрыс айтуды үйрету. | | | | |
| **Жеке қауіпсіздік Мектепалды тобп** | | №4 **Тақырып**«үйдің мекен жайын,ата-аналардың нөмерлерін жатқа білеміз» **Тапсырма:** төтенше жағдайда ақпаратты бере алуы үшін балаларды үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін есте сақтауды және дұрыс айтуды үйрету. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс Ересек топ** | 16.45<br>17.00 | **Кошімхан Алихан** Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен спорттық жаттығуларды жасай алу | **Муканова Марем** Түрлі үйлесімдікте құрылған қазақ өрнегінің элементтерін салып үйрету. **Шығармашылық** | **Камашева Анель** Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен | **Орынбай Аделина** Түрлі үйлесімдікте құрылған қазақ өрнегінің элементтерін салып | **Кадырбаев Карим** 5ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | техникасын үйрету;<br>**Физикалық қасиеттері** | **дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы** | спорттық жаттығуларды жасай алу техникасын үйрету;<br>**Физикалық қасиеттері** | үйрету.<br>**Шығармашыл ық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы** | ажырата білуге үйретуді.<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылар** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**Мектепалды топ** | | **Али Томирис**<br>сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды қалыптас-тыру<br>**Коммуникативтікдағдылары** | **Бақтыбаев Тамирлан**<br>геометриялық пішіндерді біледі<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылар** | **Серикова Медина**<br>бір-бірден, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табады;<br>**Физикалық қасиеттері** | **Манабек Әліби**<br>шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндауды үйрету<br>**Комуникативтік дағдылары** | **Бақтыбаев Тамирлан**<br>негізгі қимылдарды орындай білуді қалыптастыру<br>**Физикалық қасиеттері** |
| **Серуенге дайындық** | 17.30 – 18.15 | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Газа ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызметету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | 17.30 – 18.15 | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгіме жүргізу. Күзгі ағаштарды бақылау Мақсаты: - Күзгі ағашын бақылауды жалғастыру; Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>Қимылды ойын: «Жүгір де, ұста!», Қимылды ойын: «Алманы жұл» | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | 18.30 | Сурет салу, кітап қарауды ұсыну. | Күзгі табиғат туралы балалар мен әңгіме жүргізуді ұсыну | Құстарға үйшік жасауды ұсыну | Табиғи материалдарды жинауға көмектесу. | Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау. |
| **Әдістемелік жұмыс** | | | | | Кәсіподақ жиналысы | |

Әдіскер: ________ Темирова Н.П.